

Қазақстан Республикасының кепілдіктерін есепке алуды реттеу туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 16 қараша N 1300

Негізгі борыш пен барлық қосымша шығындарды өтеу жөнінде республиканың бюджетінен ірі төлемдер жасалуына орай экономикалық жағдайдың шиеленісіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бұрын берілген кепілдіктері бойынша шетелдік кредиторларға төлем жасауға мүмкіндігі жоқ кәсіпорындардың берешегін өтеуге арналған валюталық қаражатты іздестірудің қажеттігіне байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1993 жылдың ақпанынан 1994 жылдың сәуіріне дейінгі кезеңде берілген жалпы сомасы 359,5 миллион АҚШ доллары болатын 18 үкімет кепілдігінің, сондай-ақ қосымшаға сәйкес күші жойылсын. <*>

Ескерту. 1-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚРМК-нің
1994.12.30. N 1494 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының кепілдіктерін бергені және тіркегені үшін міндетті түрдегі біржолғы төлем алдын ала жасау жағдайында берілген кепілдік сомасының 2 проценті мөлшерінде белгіленсін.

3. <*>

Ескерту. 3-тармақтың күші жойылған - ҚРҰ-нің 1996.05.07.
N 567 қаулысымен. P960567_

4. Қазақстан Республикасының кепілдіктері берілген кезде заемшылар берілген кепілдіктің сомасынан кем болмайтындай мөлшерде қардарлық міндеттемелер /қарсы кепілдік/ алатын болып белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі үш ай мерзім ішінде өтелмеген кредиттер бойынша нақты берешекті ескере отырып жаңа тіркеу нөмірін бере отырып, осы қаулының 4-тармақтағы шарттармен бұрын берілген үкімет кепілдіктерін қайта тіркеуден өткізсін. <*>

Егер Қазақстан Республикасының кепілдігі алты ай ішінде пайдаланылмаса, онда ол өзінен өзі күшін жоятын болып белгіленсін.

Осы қаулының 2 және 3-тармақтарына сәйкес түскен қаражаттың есебін реттеу және оны Қазақстан Республикасының кепілдік міндеттемелеріне сәйкес пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінде Қаржы министрлігінің арнайы шоты ашылсын.

Бюджеттен қаржыландырылмайтын кәсіпорындарға берілген кепілдіктер сыртқы заемдарды өтеудің көздерін іздестірген жағдайда тіркелуге жатады.

Өз қаржы көздерімен шетелдік кредиттерді өтеуші кәсіпорындарға берілген кепілдіктер, олар бұл қаржы көздерінің шынайылығын растағаннан кейін қайтадан тіркеледі.

Заемшылар тарапынан кредиттер бойынша төлем жасалмаған жағдайда және бұған қоса осы кредиттер жөніндегі қайта тіркеуден өтпеген кепілдіктер анықталған жағдайда 1995 жылғы 1 наурыздан кейін қайта тіркеу өткізуді кешіктірген әрбір ай үшін қосымша процент мөлшерінде айыппұл санкциялары енгізілсін, осы сомалар бюджет алдындағы борыштық міндеттемелерге жатқызылсын. <*>

Осы қаулының қосымшасында көрсетілген Израильдің, Испанияның, Бангладештің және Германияның /Қазақ сауда үйі/ кредиттері бойынша, кепілдіктер игерілген кредит сомасына қайталап беруге жатады.

Ескерту. 5-ші тармақтың 1 абзацына өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1994.12.30. N 1494 қаулысымен.

Ескерту. 5-ші тармақтың 6-шы абзацы жаңа редакцияда - ҚРМК-нің 1995.09.19. N 1269 қаулысымен.

5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.05.07. N 567 қаулысымен.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы шетелдік кредиттер бойынша уақытын өткізіп алған өз төлемдерін төлемеген жағдайда, кепілдіктерді пайдаланушы займ иелерінің шоттарын жабатын болсын және олардың шоттарына түскен қаражаттың бәрін бұрын жұмсалған бюджеттік шығындардың орнын толтыру есебіне республикалық бюджетке аударсын.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы қаржылық валюталық бақылау комитеті олар бойынша кредиттері толық өтелген Қазақстан Республикасының кепілдіктерін дер кезінде қайтарып алу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кепілдіктерін қайталап немесе тіпті қайта пайдалануға жол бермеу мақсатында займға ие кәсіпорындардың шетел кредиттерін дер кезінде әрі толық өтеуіне ұдайы бақылау жасап отыратын болсын. <*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20. N 1031 қаулысымен. P961031_

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
қаулысына
қосымша

Күшін жоюға жататын кепілдемелер мен келісімдердің

ТІЗБЕСІ

_____1_____|_____2_____|_____3_____|_____4_____|_____5_____|_____6_____|_____7_____|

1. Қаржыминінде тіркелген нөмірі мен күні
2. ҚР МК кепілдемесінің, өкімінің нөмірі мен күні
3. Ұйым атауы
4. Кредитті пайдалану бағыты
5. Кредитор банк экспортер фирма
6. Кредит сомасы валютамен кредит
7. АҚШ мл. долларымен кредит сомасы

1.ф-22-1/2 2.26-4/21 3.Қазақстан 4.какао-бұршақ 5.US Сјммер.

25.02.93 СЭА сатып алу cil En
6. 8.118 USD 7. 8.12

1.ф-22-1/3 2. 3. Іскерлік 4. тамақ 5. Барклайз
29.03.93 Үнтымақтас. өнімдерін Банк
тықтың Қазақ сатып алу
Шаруашылық
Ассоциациясы

6. 6.0 USD 7. 6.00

1.ф-22-1/4 2. 26-15/52 3. "Агросауда" 4. картоп 5. Себеко
12.04.93 25.03.93 МССАК өсіру Интернешнл

Жеміс РБ технологиясын Нидерланды
сатып алу

6. 15.0 USD 7. 15.00

1.ф-22-1-6/22 2. 149 3. Әлем Банк 4. ауылшар 5. Хапоалим
14.06.93 04.06.93 өнімдерін Банкі
өсіру Израиль
технологиясын
сатып алу

6. 80.0 USD 7. 80.00

1.ф-22-1-6/41 2. 3. Сауда 4. кондитер 5. "Холланд
30.12.93 министрлігі өнімдерін Хаус"
сатып алу Голландия

6. 1.7 USD 7. 1.70

1.ф-22-3/3 2. 26-15/9370 3. Соколов- 4. жабдықтар 5. Локомо
13.01.93 30.11.93 Сарыбай КБК сатып алу фирмасы
Финляндия

6. 2.00USD 7. 2.00

1.ф-22-3/7 2. 3. "Агросауда" 4. ХТТ 5. Бильбао
27.01.94 МССАК сатып алу Вискайя
Испания

6. 25.0 USD 7. 25.00

1.ф-22-3/13 2. 3. Павлодар 4. кредит 5. "Русский
12.02.94 мұнайөңдеу кредит"
зауыты Банкі

6. 10000 7. 6.00
млн.руб

1.ф-22-3/16 2. 3. Республика 4. жабдықтарды 5. "Мицуи"
24.02.94 Министрлер сыннан өткізу Жапония

Кабинеті фирмасы
жанындағы
емдеу-сауықтыру
бірлестігі

6. 0.7 USD 7. .70

1.ф-22-3/23 2. 3. Тұранбанк 4. ХТТ 5.Бангладеш
25.03.94 сатып алу Республика.
сының
банктері

6. 25.0 USD 7. 25.0

1.ф-22-3/26 2. 3. Түркиядағы 4. ХТТ 5."Радиант
2.04.94 Қазақ сауда сатып алу Лайф"
үйі

6. 50.0 USD 7. 50.00

2.26-13/18126 3. Германиядағы 4. ХТТ тамақ 5.Германия
29.11.93 Сауда үйі өнімдерін фирмалары
сатып алу

6. 100.0 DM 7. 58.82

1. 2.Республика 3. Баспасөзмині 4.полиграфия 5.ВИЯ
Премьер- жабдықтарын пламагы
министрінің сатып алу және
өкімі N527-ө Басқалары
01.11.93 Германия

6. 40.0 DM 7. 23.53

1. 2.Республика 3.Ішкісмині 4. есептеу 5.Сименс-
Премьер- желісін Никсфорд
министрінің құру Германия
өкімі N76-ө
25.02.94

6. 42.48 DM 7. 24.99

1. 2. 3."Семей" 4.Табиғи тас 5.Германия
қаржы- шығару және
өнеркәсіп өңдеу

тобы материалдарын
өндіру

6. 9.6 DM 7. 5.65

1. 2. 3.Ішкіісмині 4.Арнаулы 5.Түркия
киімдер тігуге
мата алу

6. 2.0 USD 7. 2.00

1. 2. 26-16/19218 3."Богаз" 4.ХТТ 5.М.ДЖ.
15.12.93 корпорациясы сатып алу Экспортс
Семей ЛТД
Үндістан

6. 5.0 USD 7. 5.00

1. 2.26-15/134 3."Химпром"ОБ 4.Ректификат- 5.Ледекс
19.03.93 Павлодар спирт өндірісі Австрия
қаласы үшін жабдықтар
сатып алу

6. 20.0 USD 7. 20.00

1. 2. 3.Келісімдер 4. 5. 6. 7.

1. 2. 3. Үндістан 4. 5. 6. 7.
займы 339.51

1. 23.07.93 2. 3.Республика 4.тауарлық 5.Үндстан
кәсіпорындары және Мембанкі
инвестициялық

6. 5.0 USD 7. 5.0

5.0 USD 5.0

Жиыны

369.51

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК